

Түйткілдің түйіні тарқады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты тапсырмасын іске асыру барысы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте жан-жақты қарастырылды. Келелі жиын барысында өңірдегі ауыз сумен қамту деңгейі, инфрақұрылымдық жобалардың орындалу барысы әрі елдімекендерде туындап отырған өзекті мәселелер қоса талқыланды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету ауқымды түрде қамтамасыз етілді.

Өз кезегінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жиынды қорытындылай отырып, 2025 жылы қалалар мен ауылдық елдімекендер тұрғындарын сапалы ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар толық көлемде аяқталғандығын растады. Аталған нәтиже өңір үшін әлеуметтік маңызы жоғары, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі әрі тиімді жұмыстың айқын көрсеткіші. Алдағы кезеңде қолданыстағы инфрақұрылым мен коммуналдық мүлікті ұқыпты пайдалану, санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі ретінде айқындалды. Сонымен қатар, коммуналдық қызметтердің сапасын одан әрі арттыру мақсатында заманауи әрі сенімді тәсілдер мен тетіктерді енгізу арқылы жұмысты тұрақты негізде жалғастыру қажеттігі баса белгіленді.

Қала мен аудан әкімдеріне бірқатар нақты міндет жүктелмек. Атап айтқанда, сумен жабдықтау нысандарын атаулы қызмет көрсететін ұйымдардың теңгеріміне беру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру, халықты сапалы ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз ету бағытында қол жеткізілген деңгейді сақтай отырып, нысандарға уақтылы қызмет көрсету мен оларды кезең-кезеңімен жаңғыртуға басымдық беру қажет. Сонымен қатар, ауыз су сапасы мен су құбыры желілерінің техникалық жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізу, қандай да бір ауытқулар анықталған жағдайда жедел әрі тиімді шаралар қабылдау міндеті тұр. Су шығындарын азайту, басқару тиімділігін арттыру мақсатында заманауи есепке алу жүйелері мен цифрлық құралдарды жүйелі түрде енгізу қажеттігіне де ерекше назар аударамын, – деп түйіндеді сөзін Ермағанбет Бөлекпаев.

Іа, облыс жұртшылығын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі жергілікті деңгейдегі жетістік деу жаңсақтық болар. Бұл – тұтастай елдің стратегиялық басымдығының айқын көрінісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамту тапсырмасының орындалуы облыстағы инфрақұрылымдық жобалардың тиімділігін іс жүзінде растайды. Межеленген істердің барлығы дерлік толықтай жүзеге асырылып, қала мен ауылдық елдімекендердің тұрғындары толықтай орталықтандырылған су жүйесіне қол жеткізді. Нақты нәтиже экономикалық өсімге, халықтың өмір сүру сапасына әрмен қарай әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей оң әсер етеді. Өйткені, ауызсу алдымен зор денсаулық пен гигиенаның негізгі факторы. Алдағы басымдық тұрғысынан алғанда, қол жеткен көшелі көрсеткішті сақтау да сындарлы шақ болары шындық.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы өз сөзін дене шынықтыру және спорт басқармасында орын алған келеңсіз жайттан бастады.

– Тәртіп бұзушылық бар және ол үшін жауапкершілік те болуы тиіс. Сонымен қатар, заң талаптарына сәйкес, үздіксіз атқарылуы қажет жұмыс бар. Бұл жөнінде біз бұған дейін де ашық мәлімдегенбіз және тағы да қайталап өтемін: аталған жағдай бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті тексеру жүргізеді, сондай-ақ, басқарманың қызметіне кешенді аудит жасалады. Қазіргі уақытта оқиға фактісі бойынша тергеу жүріп жатыр, әрбір әрекетке құқықтық баға беріледі, – деді өңір басшысы аппараттық кеңес барысында.

Облыс әкімі мемлекеттік қызмет аясында әрбір қызметкер белгіленген тәртіп пен заң талаптарын қатаң сақтауы тиіс екенін айрықша атап өтті.

– Қоғамдағы кез келген келіспеушілік пен жұмыс барысындағы даулы мәселелер тек құқықтық алаңда шешілуі тиіс. Әрбір басшы ұжымдағы тәртіпке, заңның сақталуына және мемлекеттік органның беделіне жеке жауап береді. Мұны баршаңыз естен шығармауларыңыз қажет, – деп түйіндеді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінде облыс аумағында сегіз қала мен 342 ауылдық елдімекен бар. Мемлекет басшысының нақты тапсырмасын іске асыру аясында өткен жылы ауызсумен қамту саласында жалпы құны 9,7 млрд теңгені құрайтын 67 жоба табысты жүзеге асырылды. Аталған ауқымды іс шенберінде 22 жоба бойынша су құбыры

желілері тартылып, ауылдық елдімекендерде 45 блок-модульді су тазарту кешені орнатылып, тұрғындарды сапалы әрі қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі артты.

– Қарағанды, Теміртау қалаларында сумен жабдықтау жүйелерін салу және жаңғыртуға бағытталған ірі инфрақұрылымдық жобалар толық көлемде аяқталды. Нәтижесінде бірқатар шағынаудандар мен елдімекендер орталықтандырылған, сапалы ауыз сумен қамтылды. Сонымен қатар, облыс аудандарында су құбыры желілерін салу, блок-модульді су тазарту кешендерін орнату бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, бұл ауыл тұрғындары үшін ауыз судың сапасы мен қолжетімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді, – деді энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев.

Өткен жыл қорытындысы бойынша жоспарланған барлық нысандар толық көлемде пайдалануға беріліп, нәтижесінде облыс тұрғындарының 100 пайызы орталықтандырылған сумен жабдықтау қызметімен қамтылды. Қарағанды қаласында үш ірі инфрақұрылымдық жоба сәтті аяқталды. Атап айтқанда, Жаңа және Ескі Тихоновка елді мекендерінде жаңа су құбырлары тартылып, орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Бұған дейін ауыз суға қолжетімділігі шектеулі болған жеке сектор тұрғындары енді толыққанды ауыз суды пайдалана алады. Теміртау қаласында орталықтандырылған су жүйесіне үш шағынаудан және Оң жағалау аумағы қосылды. Сонымен қатар, аталмыш жұмыстар Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандарында жүргізіліп, тұрғындар-

Суреттер облыс әкімінің сайтынан

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Өнеркәсіп өрісі кеңейіп келеді

2025 жыл қорытындысы бойынша облыстың өнеркәсіптік өндіріс көлемі 6%-ға артып, 4,9 трлн теңгеден асты.

Өңір экономикасының барлық негізгі салаларында оң динамика тіркелді. Оның ішінде, көмір өндіруде – 7,4%-ға, қара металлургияда – 3,7%-ға, түсті металлургияда – 4,9%-ға, машина жасауда – 10%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде – 27,9%-ға, құрылыс индустриясында – 8,6%-ға, фармацевтика саласында – 22,6%-ға, химия өнеркәсібінде – 17,3%-ға, сондай-ақ, азықтүлік өнімдерін өндіруде – 9%-ға өсім тіркелді. Өңірдің жүйе құраушы кәсіпорындары тұрақты оң динамиканы сақтап келеді. «Qargate» АҚ-да болат өндірісінің көлемі 7,6%-ға, шойын – 5,2%-ға, жалпақ прокат – 6,4%-ға артты. Қазіргі уақытта көмір өндіру барлық сегіз шахтада жүзеге асырылуда. Бұл ретте өтпелі қазбалар саны 11-ден 48-ге дейін ұлғайтылды. Кеншілер қауіпсіздігін арттыру мақсатында барлық шахталарда персоналды іздеу және позициялау жүйесі енгізілді. «Kazakhmys Smelting» ЖШС-гі 198,2 мың тонна катодты мыс өндірілді.



Өңір экономикасына тартылған инвестициялар көлемі 1,4 трлн теңгені құрады. 2025 жылы жалпы құны 279 млрд теңге болатын 28 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 500-ден астам жұмыс орны құрылды. Жаңа өндірістердің толық қуаттылыққа шығуына қарай, жұмыс орындарының санын 3 300-ге дейін арттыру жоспарлануда. «Сарыарқа» арнайы эконо-

микалық аймағында 24 резидент тіркелген. 2025 жылы мұнда бірқатар ірі инвестициялық жобалар іске асырылды. Оның қатарында «Qaraganda Power Silicon» ЖШС кремний қорытпаларын өндіру зауыты, «Silumin of Qazaqstan» ЖШС алюминий радиаторларын шығару зауыты, сондай-ақ, «Тау Кен Темир» ЖШС металлургиялық кремний өндірісін қалпына келтіру жұмыстарын аяқтады.

«Sara» индустриялық аймағы аумағында жобаларды іске асыру жалғасу үстінде. Былтыр «ТЭМПО Қазақстан» ЖШС-гі болат тік тігісті құбырлар өндірісі, «Қазақстандық ыстық мырыштау зауыты» ЖШС-гі металды коррозиядан қорғауға арналған заманауи кәсіпорын және «Silk Road Electronics» ЖШС-гі тарабынан Samsung теледидарлары мен кір жуғыш машиналарын өндіру іске қосылды. Өңірде шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бағдарлама аясында «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы дайын өндірістік үй-жайларды салу немесе қолданыстағы нысандарды қайта жаңғырту үшін жеңілдетілген несиемен ұсынады. Кейін оларды өңдеу өнеркәсібі саласындағы шағын және орта бизнес

субъектілерін орналастыру көзделген.

Ал, Қарағанды қаласында «Exim Star Қазақстан» ЖШС шағын өнеркәсіптік аймағы іске қосылды. Оның базасында «Kaz Union Trade» ЖШС (полипропилен құбырларын өндіру), «ЦентрСнаб-Строй» ЖШС (кабель өнімдерін өндіру) және «ALS Казгеохимия» ЖШС (геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу) кәсіпорындары жұмыс істеуде. Ғылым мен бизнестің өзара іс-қимылын кеңейту мақсатында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында «Qartech» өңірлік инновациялық-индустриялық хабы құрылды. Хаб әлемдік озық технологияларды зерделеуге арналған коммуникация орталығын біріктіреді де, резиденттерге зертханалық инфрақұрылым, сервистік қызметтер және инновациялық жобаларды іске асыру мен стартаптарды дамытуға арналған қолдау бағдарламаларын алға тартады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына бизнесті қолдаудың мемлекеттік шараларын іске асыру игі ықпал етуде. Былтыр Кәсіпкерлікті қолдаудың бірінші жаңа кешенді бағдарламасы аясында жалпы сомасы 44 млрд теңгені құрайтын 271 жобаға қолдау көрсетіліп, әлеумет-

тік кәсіпкерлік субъектілеріне 8 грант берілді. «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы бойынша 10,7 млрд теңге сомасына 96 жоба қаржыландырылды.

Іске асырылып жатқан мемлекеттік қолдау шараларының арқасында өңірдегі жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 102,7 мыңға дейін артты. Сауда көлемі 1,9%-ға өсіп, 5,2 трлн теңгені құрады. Есептегі кезеңде жалпы сомасы 30,1 млрд теңге болатын 78 жоба іске асырылды. Оның қатарында Қарағанды қаласында «Норма» және «Оптим» супермаркеттерінің құрылысы, әрі Теміртау қаласында «Темирид» отбасылық демалыс және балаларды дамыту орталығының құрылысы бар.

2026 жылы өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін одан әрі арттыру, инвестиция тарту, инвестициялық жобаларды іске асыру және шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шараларын кеңейту бойынша жүйелі жұмыс жалғасын табатын болады.

Асқар ҒАЗАЛИЕВ,
Қарағанды облысының
өнеркәсіп және индустриялық-
инновациялық
даму басқармасының басшысы

Грант кімге бұйырады?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бастапқы баяндамалар легі жастар бастамаларын қолдауға арналды. Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы Азжол Орысбаев жастарға бағытталған гранттық бағдарламаларға өтінімдерді қабылдау 2026 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланып отырғанын мәлімдеді.

– Біз 14 пен 35 жас аралығындағы жастарға ғылым, мәдениет, IT, бизнес, медиа және волонтерлік бағыттар бойынша жобаларды жүзеге асыру үшін 2 миллион теңге көлемінде гранттар ұсынамыз. 2025 жылы 264 өтінімнің ішінен 25 жобаға қолдау көрсеттік. Байқау талаптары күрделі болғандықтан, жобалық құжаттаманы сапалы дайындау өте маңызды, – деді спикер.

Мәлімдеуші кәметке толмағандардың қатысу мүмкіндігіне де ерекше назар аударды. Айтуынша, кәсіпкерлік қызметті тікелей көздемейтін бағыттар бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркелу талабы қойылмайды. Бұл норма 14 жастан бастап, мектеп оқушылары мен студенттердің гранттық байқауларға қатысуына құқықтық мүмкіндік береді. Бұдан кейін кәсіпкерлерге әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтарға арналған мемлекеттік қайтарымсыз гранттарды алу тәртібі мен негізгі талаптары жан-жақты түсіндірілді. Қарағанды облысының Еңбек мобилділігі орталығының оқыту және кәсіпкерлік бастамалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Әділбек Нұрмұханбет 2026 жылы аталған гранттардың көлемі 1,7 миллион теңгеге дейін ұлғайтылатынын атап өтті.

– Қаражатты жабдық сатып алуға, шикізат алуға, сондай-ақ, бизнес ашу немесе дамыту үшін үй-жайды жалға алу акысын төлеуге пайдалануға болады. Бұл ретте грантты тұрмыстық қажеттіліктерге немесе қолданыстағы несиелерді өтеуге жұмсауға болмайды. Барлық процесс, тіркеуден бастап, бизнес-жоспарды тапсыруға дейін business.enbek.kz порталы арқылы жүзеге асырылады, – деп түсіндірді орталық өкілі.

Семинар барысында әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған гранттық бағдарламаға да айрықша назар аударылды. Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының шағын және орта бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Индира Бейсекова 2026 жылы әлеуметтік кәсіпкерлер үшін әрқайсысының мөлшері 5 миллион теңгеге дейін жететін 26 грант беру жоспарланып отырғанын мәлімдеді.

– Бұл гранттар әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енгізілген субъектілерге, сондай-ақ, «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистеріне арналған. Міндетті шарттар – жобаны кемінде 20 пайыз көлемінде тең қаржыландыру және жаңа жұмыс орындарын құру. Байқауға қатысу үшін кәсіпкерлер өздерінің әлеуметтік мәртебесін алдын ала растауы қажет, – деді Индира Бейсекова.

Сурет atameken.kz сайтынан

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Діни ахуал тұрақты

Быттырғы жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысындағы діни ахуал тұрақты болып қалыптасты. Өңірде конфессияаралық келісім жүйелі түрде қамтамасыз етіліп, діни сала қолданыстағы заңнама аясында дамып келеді. Қоғамдық тұрақтылыққа елеулі әсер етуі мүмкін сын-қатерлердің алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Діни ахуалдың объективті бағасы 2025 жылы екі кезеңде өткізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен расталды. Зерттеу қорытындысына сәйкес, респонденттердің 92,4 пайызы облыстағы діни жағдайды қолайлы деп бағалаған. Бұл көрсеткіш өңірдегі қоғамдық тұрақтылықтың жоғары деңгейін және діни салада айқын шиеленістің жоқ екенін көрсетеді.

Қарағанды облысы еліміздің көп-конфессиялы өңірлерінің бірі саналады. 2025 жылғы жағдай бойынша облыс аумағында елде тіркелген 18 конфессияның 15-ін қамтитын 287 діни бірлестік пен олардың филиалдары қызмет етеді. Өңірде барлығы 236 гибадат нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 134 мешіт, 23 православие шіркеуі, 16 католиктік приход, 62 протестанттық шіркеу және бір синагога бар. Сонымен қатар, өңірде бір рухани оқу орны – католиктік «Мария – Шіркеу Анасы» атаулы епархияаралық жоғары рухани семинариясы тіркелген.

Конфессияаралық өзара қарым-қатынасты нығайту және діни бірлестіктермен тұрақты диалог орнату бағытында Қарағанды облысының діни бірлестік-

тер клубы маңызды рөл атқарады. Клуб құрамына өңірде қызмет ететін түрлі конфессия өкілдері енген. 2025 жылы клуб аясында конференциялар, семинарлар, диалогтық кездесулер, мәдени және спорттық іс-шаралар, сондай-ақ, қайырымдылық бастамаларды қамтыған 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылды.

Жұмыстың басым бағыттарының бірі – діни экстремизмнің алдын алу, радикалды идеялар мен деструктивті идеологиялық ұстанымдардың таралуына жол бермеу. 2025 жылы бұл бағыттағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары 14 діни мәселелер жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының қатысуымен жүргізілді. Аталған топтардың құрамына 180 маман, оның ішінде теологтар мен дінтанушылар, үкіметтік емес ұйым өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, мәдениет және спорт саласының өкілдері, депутаттар, психологтар, сондай-ақ, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері кірді.

2025 жылы облыс көлемінде жалпы қамтуы 416 755 адамды құрайтын



7 004 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізілді. Көмелетке толмағандар мен жастар аудиториясымен жұмысқа ерекше көңіл бөлініп, қамтуы 83 752 адамды құрайтын 2 485 іс-шара ұйымдастырылды. Бұл бағытта диалогтық кездесулер, «сұрақ-жауап» форматындағы ашық алаңдар, зияткерлік ойындар, сондай-ақ, жастарды тікелей тарта отырып, олардың ортасында профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталған тәсілдер кеңінен қолданылды.

Бұқаралық іс-шаралармен қатар азаматтарға консультациялық көмек көрсету жұмыстары да жалғасын тапты. Жыл бойы профилактикалық қызметке

тартылған 39 бейінді маман түрлі мәселелер бойынша 2 252 жеке консультация өткізді. Сонымен бірге отбасылық құндылықтарды нығайтуға, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға және радикалды идеологияларға қарсы қоғамдық ұстаным қалыптастыруға бағытталған мәдени-бұқаралық, спорттық және ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінің өзектілігін ескере отырып, медиакеңістікте жат діни ағымдарға қарсы насихаттық жұмыс жүйелі түрде жүргізілді. 2025 жылы арнайы қалыптастырылған сарапшылар пулы 2,5 мыңға жуық материал дайындап, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде 10 697 жарияланым орналастырды. Сонымен қатар, интернет кеңістігінде құқыққа қайшы контентті анықтау мақсатында мониторинг жүргізіліп, діни сипаттағы 871 материал анықталып, бұғаттауға жолданды. Қабылданған шаралар нәтижесінде күмәнді интернет-қоғамдастықтар мен дереккөздерден 22 503 адам бас тартты.

Сонымен қатар, атқарылып жатқан профилактикалық шараларға қарамастан, өңірде заңнама талаптарын бұзудың жеке-леген фактілері де тіркелді. Діни қызмет саласындағы заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану практикасы жүзеге асырылды. 2025 жылы басқарма құқық қорғау органдарымен бірлесіп 21 әкімшілік құқық бұзушылықты

анықтады. Істерді қарау нәтижесінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес айыппұлдар салынып, ескертулер берілді. Аталған шаралар профилактикалық сипатқа ие болып, діни салада заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Осылайша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысында тұрақты діни ахуал қамтамасыз етіліп, конфессияаралық келісім сақталды. «Қарағанды облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қызметі мемлекеттік басымдықтар мен өзекті күн тәртібіне сай жүзеге асырылып, құқықтық мәдениетті нығайтуға, тәуекелдердің алдын алуға, ашық диалогты дамытуға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталды.

Биыл аталған жұмыс жүйелі тәсілді және ведомствоаралық өзара іс-қимылды сақтай отырып, заңдылық, жауапкершілік пен қоғамдық келісім қағидаттарына басымдық беру арқылы жалғастырылады. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы айқындаған құндылықтық бағдарлар ескеріліп, қоғамдық келісімді нығайту және радикализмнің алдын алу жөніндегі шаралар одан әрі күшейтілетін болады.

Жанболат СЕКТАЙ,
Қарағанды облысының дін істері басқармасының басшысы

Туристік әлеует еселенген жыл

2025 жылы Қарағанды облысында туристік әлеуеті айтарлықтай нығайды. Быттыр қантар мен қыркүйек айының аралығында өңірде 370 мың турист келді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 20,8 пайызға артқан. Ал, ішкі туризм 22,6 пайызға өсіп, 355,9 мың адамға жетті. Шетелдік туристер саны 14,1 мың адамды құрады. Олардың басым бөлігі ТМД елдерінен (55,2%) және Қытайдан (22,9%) келген. Сондай-ақ, Түркия, Германия, Корея мен Румыниядан келген қонақтар да бар. Туристерді орналастыру орындарының саны 2,6%-ға артып, көрсетілген қызметтер көлемі 2,6%-ға, яғни, 8,0 млрд теңгеге жетті.

Өңір халықаралық ынтымақтастықты жүйелі дамытуда

Быттыр Қарағанды облысына Венгрия (ақпан), Румыния (Наурыз), Франция (сәуір), Беларусь (сәуір), Чехия (шілде), Грузия (қараша) және Армения (қараша) секілді бірқатар елің дипломатиялық миссияларының өкілдері ресми сапармен келді. Өткізілген кездесулердің қорытындысы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылып, жол карталары бекітілді. Сыртқы байланыстарды дамыту аясында облыс делегациясы Қытай, Өзбекстан және Ресей Федерациясына сапар жасап, инвестициялық, өнеркәсіптік және туристік салалардағы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылады. Сонымен қатар, Қарағанды облысы Алматыда өткен КІТҒ халықаралық көрмесінде өңірдің туристік әлеуетін таныстырып, бірқатар облыспен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.

Туризм саласында жалпы құны 3,7 млрд теңгені құрайтын 11 жоба іске асырылды. Балқаш қаласында «Сказка», «Riviera», «Фарида» демалыс аймағы, «Мәулен» қонақ үйі ашылды. Қарқаралы ауданында «Горы», «Амина» және «Қарқаралы» қонақ үйі пайдалануға берілді. Ал, Қарағандыда «Меридиан» қонақ үйіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жол бойы сервистік нысаны пайдалануға берілді. Абай ауданында «SERENITY» демалыс аймағының құрылысы аяқталды. Туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 23,5 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 22,6% - ға артты.

Мемлекет басшысының туристік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде «Сарыарқа» ӘКК бизнес өкілдерімен бірлесіп, Балқаш қаласының «Бертіс» шығанағы ауданында жалпы құны 4,1 млрд теңгені құрайтын «төрт жұлдызды» екі қонақ үйдің құрылысы басталды. Сондай-ақ, туристік нысандарды орналастыру және салу үшін өңірлік маңызы бар «Balkhash» индустриялық аймағы құрылды.

Инвестициялық белсенділіктің өсуіне туризм саласына көрсетілетін қаржылық қолдау да ықпал етуде. 2025 жылы туризм саласындағы 33 жобаға жалпы сомасы 5,5 млрд теңге бөлінген. Есепті кезеңде Кәсіпкерлер палатасы жанындағы туризм жөніндегі кеңестің 6 отырысы өткізіліп, онда туризм саласын дамыту, кәсіпкерлерді қолдау сынды өзекті бастамалар мен проблемалық мәселе қаралды. Сонымен қатар, облыстың негізгі туристік дестинацияларында инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуға басымдық берілуде.

2025 жылы «Қарағанды-Балқаш» автокөлік жолы қайта жаңғыртылып, «Қарағанды-Қарқаралы» бағытында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жол бойындағы сервистік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізілуде.



«Жарлы-Қарқаралы» су құбырының құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды. «Балқаш-Торанғалық» магистральдық су құбырының құрылысы, Балқаш қаласының жағалау аймағы мен қалалық жағажайды абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Ал, Қарқаралы ауданындағы «Бұғылы» рекреациялық аймағында инженерлік инфрақұрылым құрылысы басталды. Сонымен қатар, Балқаш қаласының әуежайын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталу сатысына жетті.

Өткен жылы «Balkash tour fest – 2025» фестивалі және Халықаралық туризм күніне арналған алғашқы облыстық «Саяхатқа шабыт беретін Қарағанды» туристік фестивалі өткізілгендігін атап өтпеске болмас. «Менің сүйікті өлкем» бейнероликтер байқауы және «LOVE KARAGANDA» фотобайқауы ұйымдастырылды. Қарқаралы қаласында «InfoDrive» джип-туры және «Winter Karkaraly» қысы ақпараттық туры өткізілді. Ақпараттық турлар, тuroператорлармен, турагенттермен және туризм нысандарының меншік иелерімен кездесулер өткізілді. Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылы «Үздік туристік ауыл – 2025» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша Қазақстанның үздік туристік ауылдарының бестігіне енді.

Туристік саланы цифрландыру – маңызды қадам

Өңір тұрғындары мен қонақтары үшін демалыс орындарын, экскурсиялық бағдарламалар мен туристік қызметтерді ыңғайлы әрі жедел түрде брондауға мүмкіндік беретін Qazeli.kz бірегей онлайн-платформасы әзірленді. Сондай-ақ, Kazakhstan.travel ұлттық туристік порталы, қонақтарды тіркеуге арналған eQonaq платформасы іске қосылды.

WhatsApp мессенджеріне біріктірілген, жасанды интеллект элементтері бар тәулік бойы қызмет көрсететін виртуалды чат-бот енгізілді. Туристік инфрақұрылымның негізгі объектілерінде өзекті ақпаратқа жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін QR-кодтар орнатылды. Қарағанды қаласы, Тәттімбет көпесі 709 мекенжайында орналасқан Халыққа

қызмет көрсету орталығында туристік бағыттар туралы 3D форматтағы ақпаратқа жедел қол жеткізуді қамтамасыз ететін инновациялық интерактивті терминал орнатылды. Терминалдар келушілерге өңірдің көрікті жерлері, маршруттары мен қызметтері туралы көрнекі әрі интерактивті мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Аталған шаралар Мемлекет басшысы айқындаған стратегиялық бағыттарға толық сәйкес келеді. Осыған байланысты 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» болып жарияланып, заманауи, технологиялық әрі клиентке бағдарланған туристік саланы қалыптастыруға бағытталды.

Облыста жаңа экскурсиялық маршруттар әзірленіп, өңірдің бай өнеркәсіптік және тарихи мұрасын ашатын «Индустриялық Қарағанды» және «Tupan El» ат спорты клубына бағытталған этно-маршрут іске асырылуда.

Өңірлік гидтер тізімі құрылып, экскурсия жетекшілерінің біліктілігін арттыруға арналған алғашқы оқыту семинары өткізілді. Быттыр бес жұлдызды Cosmonaut қонақ үйі мен «BEREKET» қонақ үйі Kazakh Tourism «Сапа белгісі» ұлттық марапатына ие болды. Сонымен қатар Балқаш қаласында көрікті жерлер, маршруттар, орналастыру орындары мен мәдени шаралар туралы ақпараттық хаб ретінде қызмет ететін Визит-орталық ашылды.

Кадрларды даярлау бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде. Құтқарушыларды даярлау үшін қосымша оқу топтары ашылды. Балқаш технология және сервис колледжінде «Қонақ үй бизнесі» жаңа мамандығын енгізу жоспарланған. Сонымен қатар, «Қарағанды облыстық туристік клубы» бірлестігімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында белсенді туризм бойынша оқыту және бірінші санаттағы күрделіліктегі жаяу жорықтар жетекшілерін даярлау жүзеге асырылады.

Биыл 2030 жылға дейінгі туристік саланы дамытудың жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Сонымен қатар, өңірде туризмді дамытудың 2026-2028 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру межесі тұр. Одан бөлек, облыстың орта мерзімді инвестициялық стратегиясы шеңберінде Қарқаралы ауданы мен Балқаш қаласында туризмді дамытуға арналған арнайы аймақтарды құруды бастаймыз. Оған инженерлік және көлік инфрақұрылымын жеткізу, жол бойындағы сервисті дамыту, туристік аймақтарды абаттандыру, жағажайларды жайластыру және оларды стандарттарға сәйкестендіру жоспарлануда. Сондай-ақ, туристік инфрақұрылымның бірыңғай стилін қалыптастыру үшін дизайн-кодтар әзірленеді.

Жоспарда жаңа туристік өнімдерді дамыту, эко және агротуризмді ілгерілету, гастрономиялық фестивальдар мен жәрмеңкелер өткізу, этнотуристік ауылдар құру, гидтер мен экскурсоводтар қызметін цифрландыру, MICE-туризмді дамыту көзделген. Пікір көшбасшылары мен блогерлерді тарта отырып, имидждік және оқиғалық іс-шаралар ұйымдастыруды көздеп отырмыз. Әрі жалпы құны 67 млрд теңгеден асатын 36 инвестициялық жобаны іске асыру (2026-2028 жж.) жоспарлануда.

Ирина ЛЮБАРСКАЯ,
Қарағанды облысының туризм басқармасының басшысы

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Зейнет жасы өзгеріссіз

Елімізде зейнеткерлік жас мәселесі соңғы жылдары қоғамдық назардан түспей келеді. Дегенмен, уәкілетті мемлекеттік органдар қазіргі уақытта зейнетке шығу жасын қайта қарау жөнінде ресми шешім қабылдабағанын мәлімдеп отыр.



Сурет ЖІ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі нормаларға сәйкес, ер адамдар 63 жасқа толғанда, ал, әйелдер 61 жасқа жеткенде зейнетке шығады. Мемлекеттік құрылымдардың түсіндіруінше, бұл көрсеткіштер алдағы бірнеше жыл бойы өзгеріссіз қалады. Атап айтқанда, әйелдердің зейнеткерлік жасы 2027 жылдың соңына дейін сол деңгейде сақталады деп жоспарланған.

Сонымен қатар, мемлекеттің ұзақмерзімді даму құжаттарында әйелдер үшін зейнетке шығу жасын кезең-кезеңімен арттыру тетігі қарастырылған. Жоспарға сәйкес, 2028 жылдан бастап, зейнеткерлік жас жыл сайын алты айға ұлғайып отырады. 2028 жылы – 61,5 жас, 2029 жылы – 62 жас, 2030 жылы – 62,5 жас, ал, 2031 жылдан 63 жасқа жетеді. Осылайша, ерлер мен әй-

елдер үшін зейнеткерлік жас бірыңғай көрсеткішке теңестірілмек.

Мамандардың айтуынша, мұндай өзгерістер демографиялық ахуалдың, халықтың өмір сүру ұзақтығының және еңбек нарығындағы жағдайдың өзгеруімен тығыз байланысты. Сондықтан, зейнетақы жүйесін жаңғырту мәселесі ұзақмерзімді стратегиялық тұрғыда қарастырылып отыр.

Билік өкілдері зейнеткерлік жасқа қатысты ықтимал түзетулер біртіндеп енгізілетінін және әлеуметтік тұрақтылыққа кері әсер етпеуі тиіс екенін бірнеше рет атап өткен. Бұл тәсіл азаматтарға жаңа талаптарға бейімделуге мүмкіндік беріп, зейнетақы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өткен жөн.

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сенім телефоны 21- 32- 06 жұмыс істейді.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Оқу-жаттығу аяқталды

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының Түркияда өтіп жатқан оқу-жаттығу жиындарының бірінші кезеңі аяқталды. Жерлестер оқу-жаттығу жиыны барысында екі жолдастық кездесу өткізген болатын. Өткен жолы Ма-жарстанның «Будапешт Гонвед» клубымен кездесіп, 2:0 есебімен жеңген еді. Бұл жолы Косовоның «Фероникели» клубымен ойнап, тең түсті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, қарсыластар – Косовоның Бірінші лигасында ойнайтын кәсіби клуб. 2014-2015 жылғы маусымның чемпион-дары. Сол жылы алғаш рет өз тарихында ел чемпиондары атанып, кубокты төбе-леріне көтерген. 2016 және 2019 жылы сол жетістігін қайта қайталап, алғаш рет өз тарихында УЕФА чемпиондар лигасы-

ның квалификациясына жолдама алады. «Фероникели» – үш дүркін Косово че-мпионы. Әрі үш дүркін Косово Кубогы-ның иегерлері. Жерлестер Түркия төрінде жоғары ойын-өрнегін көрсетіп, тең нәти-жемен тарқасты. Ойынның 9-минутында «Шахтер» қорғаушысы Ален Аймановта есеп аша-тын тамаша мүмкіндік болып еді. Ша-буыл барысында қарсыласынан доп алып, қақпаға соққы жасаған. Дегенмен, доп



аяғына дұрыс түспей, жасаған соққы-сы жойқын шықпады. Ал, қарсылас қақпашысы ешқандай қиындықсыз доп-ты қағып алды.

23-минутта қарсыластардың есепте алға шығатын керемет мүмкіндігі болды. Жартылай қорғаушы Бахтири Крешник «Шахтер» қақпашысы Никита Килджие-впен жеке шығып еді. Алайда, жерлестер сапынан қорғаушы Роман Божко қарсы-лас команда ойыншысын жейдесінен тартып, шабуылды бөгеді. Нәтижесінде, төреші Романға «қызыл» қағаз көрсетіп, алаңнан қуды. Ал, қарсыластар бұл мүм-кіндікті мүлт жіберіп алды.

«Шахтердің» 50-минутта тағы да гол салатын мүмкіндігі туды. Оң қапталдан әуелете көтерілген допты қарсылас ко-манда қорғаушылары кері қайтарып еді. Осы тұста кері қайтқан допқа бірінші болып жеткен Аңсар Алтынхан қақпаға соққы жасаған. Алайда, доп әріптесі Дәулет Зайнетдиновқа тиіп, алаңнан шығып кетті.

Осылайша жерлестер Түркиядағы оқу-жаттығу жиындары аясында өткен екінші жолдастық кездесу матчында қар-сыластармен тең ойын өткізді. Енді жер-лестер бір апталық демалысқа шықты. Бір аптадан соң оқу-жаттығу жиындары-ның екінші маусымын бастайды. Екінші маусымы да Түркияда өтпек.

Сурет клубтың
әлеуметтік желідегі
парақшасынан

• ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕҢІШІ

Қарағанды көмірі сән әлемінде

Көмірден де өнер туындысын жасауға болады. Қарағандылық дизайнер Ольга Целлер Қарағандының символына айналған қара алтыннан зергер-лік бұйымдар жасайды. Көмірден жасалған бұйымдары халықаралық са-рапшылардың тарапынан жоғары бағаланған.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ольга Целлердің негізгі маман-дығы – экономист. Зергерлік өнермен 2013 жылдан бері айналысады. 2019 жылдан зергерлік бұйымдарды жаса-уға көмірді пайдалана бастаған. «Бұл – шығармашылығымды айшықтап тұра-ды», – деді зергер.

– Алғашқы бұйымдарым өте нәзік, тағуға жарамайтын, тез сынып ке-тетін. Оның үстіне, киімге жағылып, былғайтын. Кейін тәжірибе арқылы тұрақтандыру тәсілін меңгердім. Қазір әшекейлерім қауіпсіз әрі берік. Бұл материалмен жұмыс істеу оңай емес. Сынғыш көмірді тұрақтандыруға екі аптаға дейін уақыт кетеді. Арнайы шайыр арқылы өңделген қара тас берік болып, қолға да, киімге де зиян келтір-мейді. Көмірдің әр түрін сынап көрдім. Ең сапалысы – антрацит. Негізі түрлі материалдармен тәжірибе жасағанды ұнатамын. Ағаш, тері, тіпті, эпиксид-ті шайырды да қолданамын. Көмірдің ішінде антрацит – ең берік түрі. Де-генмен, оны табу қиын. Қазір көмір тасушылардың бәрі мені танып алған. Үйіме көмір алсам міндетті түрде 1 шелек ерекше түрлерін жинап әкеліп

береді, – делі зергер. Олығын шығармашылығы талай адамға шабыт беріп жүр. Солардың бірі – Наталия Старостина. Ол әуелі дизайнердің әлеуметтік желідегі жұмыстарын бақылап, кейін әшекей сатып алған. Ал, уақыт өте келе, қызығушылығы артып, шеберлік са-бағына қатысқан. Бүгінде өзі де түрлі бұй-ымдар жасайды.

– Ольга – өте батыл жан. Оның жұмы-стары маған ерекше әсер етті. Бұл әшекей-лерді тағып көргеннен кейін, бұл саланы өзім де байқап көргім келді. Қазір өз бұй-ымдарымды жасап, сата бастадым. Гүлді бұйымдар жасағанды ұнатамын, – деді На-талия Старостина.

Олығын еңбегі бірнеше отандық бай-қауда жоғары бағаланып, түрлі көрмелер мен арт-жәрмеңкелерге ұсынылды. Был-тыр қыркүйек айында оның брендi Милан сән апталығында таныстырылды. Дизайнер көрсетілімге кәсіби модельдерді емес, өз құрбыларын ертіп баруды жөн көрген. Осы-лайша подиумда әртүрлі жастағы, әр салада еңбек ететін 14 әйел өнер көрсетті.

Алдағы уақытта дизайнер әшекейлер қатарын кеңейтіп, қазақстандық дизайнды халықаралық деңгейде насихаттауды көздеп отыр.

Сурет зергердің мұрағатынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Катардан – қос қола

Катар мемлекетінің Доха қаласында өткен WTT Youth Star Contender халықаралық турнирінде қа-рағандылық Алан Құрманғалиев қос бірдей қола ме-дальді қанжығалады. Үстел теннисінен әлемнің үздік жас спортшылары жиналған дүбірлі додада жерлесіміз жоғары деңгейде ойын өрнегін көрсетіп, байрақты бәсе-кеде қатарластарынан басым түсті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жекелей сында Алан Құрманғалиев бес кездесудің бар-лығында да қатарынан жеңіп, жартылай финалға дейін жетті. Өкінішке қарай, бұл кезеңде ол жастар арасындағы әлем че-мпionatoының күміс жүлдегері, үндістандық Абхинандх Прад-хивадхиге есе жіберді. Соған қарамастан, жартылай актық кезеңге шығып, жанқиярлықпен намысты қорғаған ол турнир кестесі бойынша үшінші орынға жайғасты.

Сондай-ақ, Алан жұптық сында да жүлдеден қалыс қалма-ды. Ол бұл бағытта литвалық Игнас Сисановаспен жұптасып өнер көрсетіп, қолаға қол жеткізді. Осылайша Катардағы ха-лықаралық турнирде Алан Құрманғалиев Қазақстан құрама-сының қоржынына қос олжа салып, ел мәртебесін асқақтатты.

Сурет Ұлттық Олимпиада
комитетінен

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫҢДА

Ойна да, ойлан!

Қарағанды қаласында қала мектеп-терінің қатысуымен жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Заң және Кейс-Times» ин-телектуалды құқықтық ойыны өтті.

Қарағанды қаласының білім бөлімі, Ә.Бөкейхан ауданы полиция бөлімінің қол-дауымен, Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде қала мектептері арасындағы интеллектуал-ды құқықтық ойын «Құқық бұзушылықтың алдын алу» жоспарына сәйкес, «Заң және тәртіп» жобасы мен «Құқықтық навигатор» апталығы аясында ұйымдастырылды.

Ойынның негізгі мақсаты – қатысушы-лардың құқықтық сауаттын арттыру, заң нор-маларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, сыни ойлау мен шешім қабылдауға дағдыларын қалыптастыру.

Ойын бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы кезең – Quiz құқықтық сағаты барысын-да қатысушылар «Қазақстан Республикасы Конституциясы», «Жасөспірімдер құқығы» бағыттары бойынша 100-500 балдық сұрақтардан тұратын ұяшықтарды тандап, дұрыс жауап үшін ұпай жинады.

Екінші кезең – «Кейс-Times», яғни, жағдайаттарды талдау. Әр командаға 1 кейс берілді. Оқушылар құқық бұзушылыққа қаты-сты жағдаяттарды топта талдап, заңға сүйене отырып, өз шешімдерін қорғады.

Үшінші кезең – «Ойталқы» да ұлы тұлға-лардың нақыл сөздерін өмірмен байланысты-рып, өз ойларын ортаға салды.

Сайыс барысында оқушылар өздерінің құқықтық білімдерін ғана емес, ойлау қабілеті мен шешендік шеберліктерін де көрсете білді. Қазылар алқасы командалардың жауаптарын заңды дұрыс қолдануы, дәлелді ой айтуы және сөйлеу мәдениеті бойынша бағалады.

– Әр оқушы құқығын білуге тиіс. Ба-лаларға құқықтық білім берудің ең тиімді жолдардың бірі – интеллектуалды ойындар.



Мұндай форматта оқушы берілген тапсырма-ларды орындау арқылы ой-өрісін кеңейтіп, өз құқықтары мен міндеттерін де тереңірек ұғы-нады. Ойын мен білімді ұштастырған шаралар баланың қызығушылығын арттырып, ақпарат-ты жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Осы іс-шараға қатысқан әрбір оқушы бүгін өзіне қажетті көптеген мағлұмат алды деп сеніммен айтуға болады. Алдағы уақытта да осындай мазмұны терең, тәрбиелік мәні зор игі бастама-лар жалғасын тауып, жні ұйымдастырылса де-ген ізгі тілек бар, – деді аға инспектор, полиция майоры Айнұр Жошина.

Тартысты өткен сайыс қорытындысы бой-ынша Жакып Ақбаев атындағы мектептің оқушылары бірінші орын иеленсе, №65 орта

мектептен келген команда екінші орынға табан тіреді. Ал, Жұмабек Тәшенов атындағы мектеп оқушылары үшінші орынға лайық деп табыл-ды. №61 мектеп пен №14 мектеп-гимназиясы командаларына сертификаттар табысталды.

Женімпаздар мен қатысушыларға Қараған-ды қаласының білім бөлімі атынан І, ІІ, ІІІ дәре-желі дипломдар мен сертификаттар берілді.

Толғанай БЕРМЕНБЕТ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің
IV курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 969 №9 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
---	---	--	---